

ұтымдылық контексінде проблемалық аймақтарды еңсеру бойынша жаңа құзыреттері мен дағдыларын дамыту қажет. Бұған бейнеконференцияларға тікелей қатысу да ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Podlasny I. P. pedagogy: 100 Questions – 100 answers. – М.: VADOS-Press, 2006. – 365 S.
2. Trainev V. A. pedagogical technologies of Information Communication (generalizations and recommendations)
3. https://knowledge.allbest.ru/programming/2c0b65635b2ac68b4d53a88521316c27_0.html
4. <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-videokonferentsssvyazi-v-uchebnom-protse/viewer>
5. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2020/08/21/realizatsiya-vospitatelnoy-deyatelnosti-v-usloviyah>

ӘОЖ 372.881.111.1

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Алибекова Камила Арыстанғалиевна

alibekova.kamila00@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының
4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.М. Гауриева

Халықаралық байланыстардың кеңеюі, Қазақстанның әлемдік білім беру қоғамдастығына интеграциялану саясаты, жалпы Еуропалық білім кеңістігіне енуі бүгінгі таңда мектептің білімі беру жүйесінде жеке қасиеттерге ие бітіруші түлектерінен қарым-қатынас, бәсекеге қабілеттілік, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру, шығармашылық әлеуетті дамытуда жаңа позицияларды талап етеді.

Қазіргі орта мектептің сапалы жаңа мақсаттары мен міндеттері білім берудің жаңа мазмұнын құрайды, ол әртараптандыру жағдайында үш негізгі компонентке бағытталған: республикалық, аймақтық және мектепшілік.

Ғылыми, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында «аймақтық компонент» терминін қолдануды қоғамның барлық дерлік салаларында: саяси, экономикалық, мәдени және т.б. кездестіруге болатындығы анықталды, бірақ жақында термин білім беру жүйесінде қарастырыла бастады. Аймақтық компонент дегеніміз оқу процесіне әр түрлі элективті курстар, факультативті сабақтар, практикумдар және т.б. жүйелер арқылы аймақтағы дәстүрлер мен мәдениетке, тарихи оқиғаларға, географиялық ерекшеліктерге байланысты мазмұнды енгізу мүмкіндігін қарастырады [1, б. 43]. Біріншіден, бұл жаратылыстану циклінің пәндері – физика, химия, экология, биология, география және т.б. Ал ағылшын тілі пәніне келетін болсақ, оқытудың бұл аспектісі іс жүзінде жүзеге асырылмаған. Қазіргі мектептерде ағылшын тілін үйренуде сағаттардың қысқаруына байланысты ағылшын тілін үйрену тек зерттелген елдің мәдениетімен танысу құралы ретінде ғана қарастырылады. Нәтижесінде білім алушылар өздерінің аймақтық мәдениеті мен тұрғылықты жерінің ерекшеліктеріне байланысты ағылшын тілінде ақпарат беруде қиындықтар туындайды, сондай-ақ олардың шынайы қарым-қатынас үдерісі кезінде аймақтың өзіндік ерекшелігін ашып, оны әлемдік мәдениеттің бір бөлігіне айналдыру процессінде қиындық пайда болады. Сондықтан бүгінде шет тілі сабақтарында аймақтық компонентті енгізуге көп көңіл бөлінуде. Балалардың

табиғатқа, туған жері мен ауылына деген ерекше қызығушылығы мен сүйіспеншілігін негізге ала отырып, аймақтану олардың бойында өз аймағында өмір сүруге және жұмыс істеуге деген құштарлықты оятуға және оларды тәрбиелеуге көмектеседі.

Мектеп оқушыларына ағылшын тілін оқыту кезінде аймақтық компонентті енгізудің мақсаты мен маңыздылығы :

- оқушылардың әлеуметтік-мәдени дамуы (ана тілі мен төл мәдениетін және шет тілі мен басқа халықтардың мәдениеттерін оқып үйрену, олардың өз елі мен мәдениетін шет тілдерінде таныту, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени қолдау көрсету қабілеттерін дамыту)

- оқушылардың басқа халықтар мен мәдениеттерге деген құрмет сезімін қалыптастыру, іскерлік ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуге дайын болу, жалпы адамзаттық мәселелерді бірлесіп шешу.

-қазіргі көп тілді және көп мәдениетті әлемнің алуан түрлілігін ескере отырып, жастардың өзін-өзі тәрбиелеу әлеуетін дамыту [2, б. 18].

Педагогикалық практика табиғатты, мәдениетті, тарихты “Әлем-Отан-туған жер” бағыты бойынша оқытуды көздейді, ал оқушы әлемді кері тәртіпте игереді: ол үшін табиғатпен танысу тәжірибесі және тарихи ескерткіштермен, өмір сүрген аймағының мәдениетімен танысады. Демек, білім беру саясатының жекелеген аймақтардың қажеттіліктеріне және олардың құндылықтарына бет бұруы баланың өмірінің әр түрлі салаларын, жалпы адамзат өркениетін игеруіне, оның өз қаласының, аймақтың, өз елінің өкілі ретінде саналы болуына ықпалын тигізеді. Осыған байланысты барлық пәндер бойынша, соның ішінде шет тілі бойынша оқыту бағдарламаларына аймақтық компонентті енгізудің қажеттілігі туындайды. Мұғалім оқушыларды өзінің кішкентай Отанының географиясымен, тарихымен, дәстүрлерімен таныстыру арқылы тұлғалардың, әсіресе балаға жақын тұлғалардың өмір салтын көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл сыныпта және бастауыш білім беру кезеңінде «Менің отбасым», «Менің мектебім», «Менің көшем» тақырыптарында қолданылады. Мақсаттарды орындауда әр түрлі материалдарды: фотосуреттер, жергілікті газеттегі коллаждар, олардан алынған мақалаларды қолдану ағылшын тілін игерудің дамуына үлесін қосады. Мұнда оқытудың маңызды тенденциясы – ауызша және жазбаша жұмыс түрлерінің міндетті үйлесімі көрінеді. Қазіргі ғалымдар жазуды, екі жақты аудармаға үйрету жұмыстарын күшейтуді ұсынады, өйткені тек сөйлеу практикасына көңіл бөлу тілді практикалық түрде меңгеруіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Ғалымдар шетел тілін оқытудағы аймақтық компонентті терең лингвистикалық-өлкетану жұмысы ретінде қарастыруды және жергілікті тілдік материалдарды шет тілі сабағында ғана емес, сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстарда да қолдануды ұсынады. Шетел тілі сабақтарына аймақтық компонентті енгізудегі оның басты міндеті – оқушыларға “кіші” Отанын сүйуге ғана емес, сонымен қатар шет тіліндегі аймақтық материалдарды дұрыс жағдайда қолдана білуге үйрету. Алайда, мектептің тәжірибесі көрсеткендей, аймақтық компоненттің тиімді жүзеге асырылуына бірқатар факторлар кедергі келтіреді. Олардың қатарына мыналар жатады: мектеп оқушыларына аймақтың тарихы, мәдениеті мен ғылымы туралы қызықты кітаптардың, журналдардың, бейнематериалдардың жетіспеушілігі, шетел тілі сабағында өлкетану материалдарын қолданудың тиімді әдісінің болмауы, нәтижесінде мәдени, тарихи- әлеуметтік құбылыстар мен оқиғалардың ақпараттық маңыздылығына оқушылардың танымдық қызығушылығының төмендеуі байқалады [3, б. 30].

Шетел тілін оқытуда аймақтық компонентті енгізу екі бағытта жүзеге асырылуы мүмкін : бірінші бағыт өлкетану ақпаратын әртүрлі пәндік салалардан (тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті) шетел тілін оқыту бағдарламасына қосумен байланысты. Бұл интегративті әдіс оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, тілдік мүмкіндіктерін жақсартуға, белгілі бір аймақтың тарихы мен қазіргі өмірінің тұтас бейнесін қарастыруға көмектеседі. Екінші бағыт алынған

өлкетану ақпаратын шығармашылық тұрғыдан қайта қарауда, республиканың дамуындағы тарихи және қазіргі тенденцияларды нақтылап талдай білуде көрінеді [4, б. 20]. Шет тілінің көмегімен студенттер ойлауды, салыстыруды, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешудің өзіндік жолдарын ұсынуды үйренеді. Бұл бағыт республика мен аймақ өмірінің заманауи экономикалық, әлеуметтік, мәдени, жастық, адамгершілік аспектілерін қарастырғанда тиімді. Осы аталған бағыттар бойынша әр түрлі тәсілдерді біріктірген жөн : күнтізбелік тақырыптар жоспарына аймақтану тақырыптарын қосу (мысалы “Экологиялық проблемалар” тақырыбын оқып-үйрену кезінде оқушы өз аймағының экологиясын зерттеуге тоқтала алады). Сонымен қатар оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, өздік жұмысын және оған жеткілікті уақыт бөлу керек. Оқушыларға өзіндік жұмыс үшін келесі тақырыптар ұсынылады:

1. Аймақтың географиялық жағдайы;
2. Аймақтың табиғи жағдайы мен ресурстары (рельеф, пайдалы қазбалар, ішкі сулар, климат, өсімдіктер мен жануарлар әлемі);
3. Аймақтың экономикасы;
4. Аймақ халқы (халық саны, этникалық және діни құрамы, елді мекендер);
5. Аймақтың тарихы;
6. Аймақтың экологиялық проблемалары;
7. Архитектуралық ескерткіштер, музей мен көрікті жерлері.

Ақпараттық ресурстар ретінде анықтамалықтар, мұрағат материалдары, статистикалық мәліметтер, қашықтықтан қол жеткізу ресурстарын пайдалану қажет. Студенттердің өздік жұмысы оқытушыдан студенттерге кеңес беру, жұмыс барысын бақылау бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізуді талап етеді. Әр жұмыс қорытындылаумен және нәтиже алумен аяқталуы керек.

Сонымен, шет тілін оқытуда аймақтық компонентті қолдану педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыратыны сөзсіз, дегенмен бұл мұғалімнен оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың тілдік дайындық деңгейлерін ескеруді талап етеді. Яғни педагогиканың маңызды ерекшелігі – оқылатын материалдардың оқушылар үшін жас және интеллектуалды қол жетімділігі [5]. Жас принципіне сүйене отырып, біз шетел тілі сабақтарында аймақтану ақпаратын игерудің 3 деңгейін бөлеміз: эмоционалды-когнитивтік, когнитивтік-ізденушілік және әлеуметтік-жеке, бұл мектеп оқушыларының үш негізгі жас тобына сәйкес келеді: кіші жасөспірім (1-2 сыныптар), орта жасөспірім (5- сыныптар) және ересек жасөспірімдер (8-11 сыныптар). Әр деңгейдің ерекшеліктерін егжей-тегжейлі қарастырайық. Шетел тілін оқытудың бастапқы кезеңінде ұлттық мәдениетті сіңіру бойынша мақсатты және жүйелі жұмыстар жүргізілуі мүмкін. Бұл білім берудің барлық мазмұнын таңдаудағы жаңа көзқарасқа әкеледі, онда әр компонент (сөйлеу материалы, жағдаяттар, тақырыптар, қабілеттер мен дағдылар) туған жер мәдениеті туралы ақпаратпен байытылуы керек.

Орта жасөспірім шағында мектеп оқушыларының танымдық іздеу әрекеті белсенді. Осы жас кезеңінде жасөспірімдердің ақыл-ой әрекеті жетілген. Олар оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтай отырып, ой қозғауға бейім. Проблемалық ситуациялар, рефлексия сұрақтары, салыстыру және талдау оқушылардың сабақта алған білімдерін өз бетінше қолдануға көмектеседі. Осылайша, жасөспірімдер сабаққа үлкен қызығушылық танытады – ежелгі тарих құпияларын шешудің өзіндік гипотезаларын қорғайды, туған қаласы мен аймағындағы есте қаларлық жерлер туралы отбасылық бейнероликтер жасайды. Бұл кезеңде мектептің білім беру жүйесіне жаңа пәндер қосылады, бұл аймақтық компонентті шет тілі сабағында қолдану аясын едәуір кеңейтеді. Ақпарат іздеу үшін орта мектеп оқушылары мұражайларға, ғылыми кітапханаларға, мемлекеттік мекемелер мен комитеттерге баруына тура келеді. Моральдық және әлеуметтік мәселелерді қызу пікірталасқа толы талқылау, қызықты адамдармен кездесулер, республика мен аймақ өмірі туралы заманауи ақпаратты іздеу және зерттеу орта мектеп

оқушыларының дүниетанымын кеңейтеді, сонымен қатар мәселелерді шешуге сындарлы көзқарасты дамыту, туған жердің өміріне деген қызығушылық сезім, өзін-өзі тануға деген ұмтылыс пайда болады.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, біз шет тілі сабағындағы аймақтық компонент шынымен де білімді игеруді жақсартуға, білім берудің барлық кезеңдерінде шет елдік ортаның жетіспеушілігін толтыруға, ой-өрісті кеңейтуге, сонымен қатар оқушылардың эстетикалық талғамының өсуіне көмектеседі деп сенімді түрде айта аламыз. Шетел тілі сабағында аймақтық компоненттің рөлі шетел тілін оқытудың тиімділігін арттырудың шарттарын анықтауға мүмкіндік береді, жаңа тілді үйренуде жағымды мотивация қалыптастырып, аударма тілінің еліне, оның мәдениеті мен халқына деген қызығушылық көзқарасты қалыптастырып, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, ауызекі және жазбаша қарым-қатынас түрлерін жүргізу қабілеттерін, белсенді танымдық іс-әрекет процесінде олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. L'vova I.S. Ispol'zovanie regional'noj leksiki v obuchenii morfemam i slovoobrazovaniju, 1999, С. 43-46.
2. Kinelev V.G. Regional'naja politika vysshego obrazovanija, 1993. – С. 14-24.
3. Kostin A.K. Regionalizacija obrazovanija – strategicheskoe napravlenie obrazovatel'noj politiki, 2005, С. 25-30.
4. Bim I.L. Ob odnom iz vozmozhnyh podhodov k podgotovke programm na inostrannyh jazykah, 1992. – С. 19-21.
5. Lyzhova L.K. Regional'nyj komponent v obuchenii russkomu jazyku, 1994. – С. 11-12.

УДК 372.881.111.1:81'246.3

МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОЙ СУПРАСЕГМЕНТНОЙ ФОНЕТИКЕ В СИТУАЦИИ ТРИЛИНГВИЗМА

Алыпбек Нұрай Нұржанқызы

alipbek_nuray@mail.ru

Студент 4-го курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – Б.Х. Кусанова

В современном мире в последние годы наблюдается четкая тенденция изучения нескольких иностранных языков. Экономическая политическая, социальная интеграция народов приводит к необходимости владения несколькими иностранными языками, причем чаще речь заходит об изучении уже не двух, а трех и более иностранных языков. При этом в современной науке речь идет не только о формировании навыков грамматически правильно и быстро излагать свои мысли на иностранном языке. В сложившейся мировой ситуации особую актуальность приобретает изучение культуры и национальной ментальности народа изучаемого иностранного языка, что в свою очередь способствует возникновению взаимопонимания и взаимоуважения в процессе межкультурного общения и осуществимости равноправного диалога современных культур. Современные исследователи преследуют цель провести свои научные изыскания в тесной связи с человеком, его сознанием, мышлением, деятельностью.

Интернационализация всех сфер жизни в Казахстане является стимулом для вхождения нашего общества в мировое сообщество для установления и укрепления межгосударственных,